

**Ақтөбе облысының білім басқармасының
Ырғыз аудандық білім бөлімі ММ
«Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы**

Аманкөл ауылы

04.06.2024ж

Т.Жаманмұрынов көшесі, 10 үй

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің кезектен тыс 2024ж.28.03 күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімі 2024 ж 28.03 № 15 н/қ бұйрығының негізінде 15 сәуір-15 мамыр аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2024 ж 28.03 № 15-н/қ бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізіледі.

1	Қуандықов Жасұлан Айтуғанұлы	мектеп директоры, комиссия төрағасы
2	Қанатбаева Саманта Жаназарқызы	директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
3	Елеусіз Ақбота Елеусізқызы	директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының м.у.а, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
4	Асылбек Ақылбек Асылбекұлы	Мектеп әдіскері, тарих пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
5	Серікбаева Жангүл Бекболатқызы	Ұйымдастырушы педагог, орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
6	Жолмұратова Жайдарман Қуандыққызы	«Бастауыш класс» әдіс бірлестігінің жетекшісі, бастауыш класс мұғалімі, комиссия мүшесі,
7	Қожабекова Зейнегүл Сейтқазықызы	Математика пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
8	Зиядин Ерлан Қалабайұлы	«Техникалық » әдіс бірлестігінің жетекшісі, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
9	Мимыкова Гүлім Нұрғалиқызы	мектеп психологы, комиссия мүшесі
10	Қаракесеков Ырғызбай Жаңабайұлы	Әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі
11	Әбдіраева Гүлден Жалғасбайқызы	мектеп директорының шарушылық жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілетін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

1.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы
Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы) «Ақтөбе облысының білім басқармасының Ырғыз аудандық білім бөлімі» ММ-нің Тел Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі 030402, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Аманкөл ауылы , Т.Жаманмұрынов көшесі үй №10,
Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон,электрондық пошта,) Телефон: 8 (71343) 72-0-40 Электронды почта: tel.zhamanmrynov@mail.kz ; сайты: https://zhamanmurynov.yrgyz.edu.kz
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер) Қуандықов Жасұлан Айтуғанұлы, «Ақтөбе облысының білім басқармасының Ырғыз ауданының білім бөлімі»ММ-нің 2021 жылғы 12 желтоқсан №01-2023 бұйрығымен мектеп директоры болып тағайындалған. ұялы телефоны: 87717918799,
Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 08 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 25.12.1997 жыл, БСН-971240002794. Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысының әкімдігі» мемлекеттік мекемесі. Мектеп жарғысы Ақтөбе облысының әкімдігі 23 желтоқсан №469,2020 жылғы қаулысымен бекітілген
Рұқсат етуші құжаттар Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 30.03.2046 жылы №KZ13RVK00009953 берілген. «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 25.02.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ01LAA00024821 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.
2.Кадрлық құрамға талдау
«Т. Жаманмұрынов атындағы ЖББОМ » коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мектепалды даярлық сыныбында тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31тамыздағы №385 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырады. Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын,Қазақстан Республикасының заңдарын,мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мен мекеме Жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады. 1. Мектептің мектепалды даярлық сыныбында 2021-2022 оқу жылында 1 мектеп алды даярлық сыныбы жұмыс жасаған. 12 тәрбиеленуші болған. 2022-2023 оқу жылында 7 тәрбиеленуші білім алды. 3 тәрбиеленуші 2023-2024 оқу жылында білім алды. Педагог кадрлар саны-1 тәрбиеші жұмыс жасаған. Арнаулы орта білімді және жоғарғы білім педагог. Осылайша, 1 педагогтің диплом бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту»мамандығы бойынша атқарып жүрген қызметтеріне сай келеді. Мектепалды даярлық сыныптарында жұмыс жасайтын педагог өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы,өзінің кәсіби шеберлігін,зерттеу,зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында бес жылда бір рет біліктілік арттыру курстарынан өтіп отырған. Педагогтің сапалық құрамы 100%

№	Мұғалімнің аты-жөні	Диплом бойынша мамандығы	Еңбек өтілі	Біліктілік санаты	Біліктілік арттыру курстары
1	Салмағанбет Гүлсезім Нағашыбайқызы	1. «мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» (арнаулы орта) 2.«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» (жоғары)	8	-	«Мектепке дейінгі білім беру мазмұнының жаңаруы жағыдайында педагогтердің АКТ Технологияларды пайдалануы бойынша кәсіби құзіреттіліктерін дамыту» 15.11-25.11.2021ж (72 сағат) «Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» 26.06-05.07.2023 ж (72 сағат)

Мектепалды сыныптардың педагогтері кәсіптік қызметті жүзеге асыруда қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарын сақтай отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың нысандары мен тәсілдерін қолданады. Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы Т.Жаманмұрынов атындағы ЖББОМ мектебінің ресми сайтында <https://zhamanmurnov.yrgyz.edu.kz> орналастырылған.

3.Тәрбиеленушілер контингенті

Мектепке 2021-2022 оқу жылдары 1-мектеп алды даярлық сыныптары жасақталған. Онда 12 бала тәрбиеленген. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары 1-мектеп алды даярлық сыныптары жасақталған. 2022-2023 оқу жылында 7 тәрбиеленуші. 2023-2024 оқу жылында 3-тәрбиеленуші білім алған. Мектептің негізгі міндеттерінің қатарына білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдылығын жүзеге асыру-білімнің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз еті, оқу үдерісінің субъектілерінің білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мектепалды даярлық сыныптарында тәрбиеленушілер жинақталған.

Мектепалды даярлық сыныбына 5 жастағы балалар қабылданады.

Ата-аналар (заңды өкілдерімен) арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепалды сыныпқа қабылдаған кезде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы №93 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты» негізінде жасалатын шартпен реттелген.

Шарт білім беру ұйымы мен баланың ата-анасы, өзге де заңды өкілдері арасында баланың мектепте болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасы реттеліп отырған.

Мектепалды даярлық бағдарламасын меңгерген тәрбиеленушілерді мектептердің мектепалды сыныптарынан шығару жыл сайын 31 мамырда жүзеге асырылған.

Қорытынды: Аталған оқу жылдарында мектепалды даярлық сыныбында тәрбиелеу-білім беру

процесін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағату министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» талаптары сақталған. Мектептің тәрбиеленушілерін есепке алуды ұйымдастыруға қойылатын талаптарлы сақтау,шағын аудан тәрбиеленушілер оқыту мен қамту мәселелері мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында.Тәрбиеленушілер контингенті бойынша электрондық деректер базасы жүргізіледі,қабылдау және олардың қозғалысына бұйрықтарды уақытылы шығару,барлық қажетті деректерді арнайы алфавиттік кітапқа енгізу, алфавиттік кітаптың, бұйрықтар мен журналдардың сәйкестігі қамтамасыз етілген. Барлық білім алушылардың жеке іс-қағаздары мен медициналық карталары жүргізіледі.

4.Оқу-әдістемелік жұмыс

Зерделеу барысында:

2021-2022 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 қосымшасы негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрылған.Ұйымдастырылған оқу іс-шараларының кестесі жасалып бекітілген.Аталған оқу жылындағы жұмыс оқу жоспары талапқа сай құрылған.Мектепалды даярлық класының жұмыстық оқу жоспарларында «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып,оқу жүктемелері бөлінген.

Мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспарларында «Денсаулық»-3сағат, «Қатынас»-6 сағат, «Таным»-2,5 сағат, «Шығармашылық»-5сағат, «Әлеумет»-1сағат білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемедері бөлінген. Оқу жүктемелерінің көлемі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді,айырмашылықтар жоқ.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі 17сағат, вариативтік компонент курстары барлығы аптасына -3сағатқа «Логика әлемі - аптасына 1 сағат,«Ертегілер еліне саяхат» аптасына 1 сағат, «Ұлттық ойын» 1 сағат таңдалған.

«Логика әлемі» бағдарламасы баланың ойын,тілін,дыбыстық есту,көру кеңістігін, математикалық аңғарымын,танымы мен қарым-қатынас дағдыларынғяғни пәнді оқып үйренуге тілдік дайындығын дамытады.

«Ертегілер еліне саяхат» белгілі бір тақырыпты оқыта отырып,балалардың дүниетанымын кеңейтіп,дұрыс байланыстырып сөйлеуге,дыбыстарды ажырата алуға үйрететін көмекші құрал.

Бағдарламадағы берілген тапсырмалар балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкестендірілген.

«Ұлттық ойын» - ***аптасына 1 сағат*** бағдарламасы баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене жаттығуларын жасауға қызығушылықтарын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсыартуға тырысу, оларды дұрым және дәл орындай білуге үйрету.

- Оқушының өмір сүруіне және мектептің келесі деңгейде оқуын жалғастыруы үшін қажетті білім,білік және дағдыларды қалыптастыру

Апталық-20сағат,жылдық-660 сағат.Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30минут.Ұйымдастырылған оқу іс-шараларының кестесі жасалып,мектеп директорымен бекітілген.

2021-2022,2022-2023 оқу жылдарындағы мектепалды даярлық кластарындағы оқу жұмыс жоспарлары,білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 қосымшасы **талаптары мен** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары **талаптарына сәйкес құрылған.**

2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптарының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан

Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес құрылған және бекітілген.

Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылған және іске асырылады. Циклограмма әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуы қамтамасыз етілген. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған.

Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минуттан құралған. Мектепалды даярлық сыныбындағы балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланған. Мектепалды сыныптарда балалардың қызығушылықтары ескеріліп, ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізу күні бойы кіріктірілген түрде немесе жеке жоспарланған.

Мектепалды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспарларында:

«Физикалық қасиеттерді дамыту»:

Физикалық дамыу балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылды. Денсаулық сақтау технологиясын қолданып, балалардың негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл қозғалыс тәжірибесін қалыптастырылды.

«Коммуникативтік дағдыларды дамыту»:

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылып отырды.

Балалардың түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттары қалыптастырылды.

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту»

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылды. Балалардың қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту, коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды дамытты.

«Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту»

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, қиялдауын, қоршаған әлемді бейнелі қабылдауын қалыптастыру, өзінің түсініктерін, ойларын, сезімдерін көркем түрде жеткізе біледі.

«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру»

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылды. Тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстары

туралы ұғымдары қалыптастырылды.

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімдерген, қосымша) сәйкес іске асыру:

Зерделеу кезінде 2021-2022, 2022-2023 оқу жылындағы аталған өлшемшарттар бойынша мектептің мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысты жоспарлағаны анықталды.

Ұйымдастырылған оқу қызметтері Перспективалық жоспар мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес іске асырылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу қызметінің бөлінуін растайтын құжаттар соның ішінде күн тәртібі, өтпелі тақырыптары мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспары, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарлары құрылып, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі мекеме басшысымен бекітілген.

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылған. Перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың негізінде мектепалды даярлық сыныбының мұғалімдері стандартқа сай құрастырған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауды талапқа сай қарастырған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында тәрбиеші перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылған. Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша тәрбиешінің сабақтары мен перспективалық жоспарларын зерделеу оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда педагогтар ойын арқылы оқыту, білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту қағидаларын ішінара ұстанатынын көрсетті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау (мектепшілік жалпы саяхат, мектепшілік кітапханаға саяхат, мектепшілік асханаға саяхат т.б.) педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға қатысуы жоспарланған және материалдары талапқа сай қарастырылған.

Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындау бойынша сабақтарға жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген. Мәселен, ҰОҚ барысында тәрбиеленушілерге ойын тапсырмалары барлығына бір деңгейде ұсынылады. Әр баланың жеке даму мүмкіндігі мен ерекшелігі ескерілген. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша анықталғаны: мектептің жұмыс жоспарында «Тіл туралы» ҚР Заңының орындалуы жоспарланған, балаларды тәрбиелеумен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз орта құрылған, талапқа сай жасақталған.

2023-2024 оқу жылындағы мектепалды даярлық класындағы оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздың №499 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» 1-қосымшасы негізінде құрастырылған.

Бағдарламаның мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктерін мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасалынған, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық кеңістік орта, оның ішінде арнайы орта құрылған, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдылары қалыптастыру бойынша балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етіп, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілік, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу болып табылады. Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны

-Физикалық қасиеттерді дамыту», « Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары бойынша негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру және жеке жолымен іске асырылуда.

Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған. Циклограмманың ұйымдастырылған ә-іс-әрекет бөлімінде ұйымдастырылған оқу қызметі кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. Циклограмма әр аптаға күн тәртібіне сәйкес құрылған. Циклограмманы жоспарлауда қойылатын талаптар төмендегідей сақталған:

-аптаның әрбір күніне перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;

-әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;

-балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;

-әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіз қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау (мектепшілік жалпы саяхат, мектепшілік кітапханаға саяхат, мектепшілік асханаға саяхат т.б) педагогтарының өзара сабақтарға, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға қатысуы жоспарланған және материалдары талапқа сай қарастырылған. Тәрбиеланушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындау бойынша сабақтарға жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген.

Мәселен, ҰОҚ барысында тәрбиеленушілерге ойын тапсырмалары барлығына бір деңгейде ұсынылған. Әр баланың жеке даму мүмкіндігі мен ерекшелігі ескерілген.

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен енгізілген өзгерістер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» және білім беру бағдарламалары талаптарына сәйкес.

5. Оқу-материалдық активтер

Зерделеу нәтижесінде: 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша аталған өлшеуіштер бойынша зерделеу барысында мектепте баланың өмірін қорғауды және дансаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістік дамытушы орта ұйымдастырылғаны анықталды. Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген. Табиғат орталығы, шығармашылық бұрышында керекті құралдары, боямақ бастыру трафареттері, пішіндер, кестелер. Тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сыдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдар бар. Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі-заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-тараудың 2-тармағының 6-тармақшасы негізге алынған. Мектеп ғимараты 1-қабатты, мектеп ауласы қоршалған. Мектепалды даярлық сыныбы жиһаздармен жабдықталған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарықтандыру нормаларын бекіту туралы» негізінде Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде 2023-2024 оқу жылында жиһаздармен, ойыншықтармен

толықтырылған. Жиһаздар, ойыншықтар қосымша таблицамен жалғанды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3-тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Мектепте кітапхана бар. Кітапхана ауданы 67,21 шаршы метр. Оқу залы-1, отыратын орындар саны -6, Осылайша, білім беру ұйымы білім беру қызметін лицензияға сәйкес жүзеге асыратыны және лицензияның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңі бойы білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтайтыны анықталды. **Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).**

Мектепте штаттық кесте бойынша бір кітапханашы жұмыс жасайды. Кітапхана меңгерушісі: Мусина Гүлбану Елемесқызы, білімі: жоғары. Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты 2007, педагогика және психология. Еңбек өтілі-18 жыл

Кітап қоры туралы:

Жалпы кітап қоры-6405; Оның ішінде: Оқулық-4877; Әдістемелік-237; Уақытша пайдалану қоры (дәптерлер)-517; электронды оқулықтар-173; әдеби кітаптар-601; оқуға құштар мектеп алаңы жабдықталған.

Кітапхананың техникалық жабдыкталуы:

Компьютер-0, ноутбук-0

Оның ішінде:

Оқырманға компьютер, ноутбук жоқ.

Кітапханашыға-1 компьютер

Кітапханашылар семинарына қатысу, іс-тәжірибемен бөлісу:

2024ж аудандық семинар «Қазіргі заманғы мектеп кітапханасы жұмысын ұйымдастыру» Баяндама «Оқуға құштар мектептен»-инновациялық кітапханаға»

Марапаттар: 2022ж. Ақтөбе облысы Білім басқармасы «Алғыс хат»

2022 ж. «Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» «Құрмет грамотасы»

7.Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Баланың даму мониторингісін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелері

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттары баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижесінің болуы.Бүгінгі күні аталған Модельді іске асыру мақсатында мазмұнды реттейтін нормативті-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.Модельді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9қыркүйектегі №394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқк-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Мониторинг мектепке дейінгі ұйымдардағы және мектепалды сыныптарындағы балаларға жүргізіледі.мониторингтің критерийлері (өлшемшарттары) балалардың жасына сәйкес олардың физикалық дамуын,әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастырады.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:-балаларды ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен ойындар кезінде бақылау;

-әңгімелеу;

-балалардың салған суреттерін,қолдан жасаған бұйымдарын талдау және тағы басқалар.

Жетекші әдіс-бақылау,ол балаға табиғи жағдаятта,күнделікті өмірде жүргізіледі.

Мониторинг жылына 3 рет:

-бастапқы-қыркүйекте

-аралық-қаңтарда

-қорытынды-мамырда жүргізіледі.

Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген.Бақылау парақтарында балалардың біліктері мен дағдыларды игергендігі анықталды. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім,білік,дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игерген.Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған.Бала осы немесе басқа білім мен әрекеті жаңғыртады,белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді,өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады,білім,білік,дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады,деңгейлерін игерген.Жиынтық есеп жүргізіліп,білім беру деңгейлері бойынша балалардың деңгейі көрсетілген.2023-2024 оқу жылының 1 мектепалды сыныбы бойынша бастапқы кезеңдегі баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасының төмен деңгейдегі балалардың көрсеткіші 0 % орташа деңгейдегі балалардың көрсеткіші- 66,6 %; жоғары деңгейдегі балалардың көрсеткіші 33,3 %

Тәрбиеленушілердің даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелері талапқа сәйкес.

8.Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б сауалнамасы

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процестеріне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау

Зерделеу барысында: Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығының 2-тарау 8-тармағы негізінде 2024 жылдың 16-17 сәуір аралығында білім беру процесіне қатысушылардан телеграмм мессенджері арқылы білім беру саласындағы уәкілетті орган

айқындаған нысан бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнама алынып төмендегі нәтижелерді көрсетті.

2023-2024 оқу жылында сәуір айының 16 күндері мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілерінің ата-аналары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы 3 тәрбиеленушінің 3-уі қатысты. 100 % ата-ана қатысты.

Тәрбиеленушілердің ата-аналарынан (немесе заңды өкілдерінен) сауалнама нәтижелерін зерттеу көрсеткендей, балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау мазмұнын түсініп, өз ықылыстарымен толтырды.

Т.Жаманмұрынов атындағы ЖББОМ мектебінің ата-аналармен жүргізілген сауалнама қортындысы жұмысының жоғары деңгейде көрсеткіші- **100 %-5 балл** құрады. Ал сабақ беретін тәрбиешінің 1-педагогі тізім бойынша 100% қатысып, **100%-5** сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанғандығын көрсетіп, 5-балға сәйкес деп бағаланды.

МАД сыныбының ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	Толық келісемін	Келісемін /иә/	Келіспеймін /жоқ/	Толық келіспеймін
1	Сіздің балаңыз мектепке қуана барады	2	1	0	0
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	3	0	0	0
3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	2	1	0	0
4	Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (педагог-психолог) қызметіне қанағаттанасыз	3	0	0	0
5	Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	3	0	0	0
6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба	2	1	0	0
7	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	3	0	0	0
8	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	0	3	0	0
9	Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз	3	0	0	0
10	Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина	3	0	0	0

	қызметкері,психолог,қазақ немесе басқа тіл мұғалімі,музыка жетекшісі және т.б балаңызды дамыту,тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі.				
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	3	0	0	0
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе	0	3	0	0
13	Егер сіз жауаптардың кез келгенің түсіндіргініз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе,мына жерді көрсетіңіз.егер сізде шағымдар болса,сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	0	0	3	0
	Барлығы:	69,2%	23%	7,6%	0%

МАД сыныптарының ата-анамен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан ата-анасы	Толық келісемін	Келісемін/иә	Келіспеймін/жоқ	Толық келіспеймін
1	3	69,2%	23%	7,6%	0%
92,2%-5					

МАД сыныбының педагогтармен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Сұрақ	Толық келісемін	Келісемін/иә	Келіспеймін/жоқ	Толық келіспеймін
1	Мектепке дейінгі ұйымының жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді,инновация режимінде өтеді.	1	0	0	0
2	Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған	1	0	0	0
3	Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады	1	0	0	0

4	Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық қолдау алады	0	1	0	0
5	Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған	0	1	0	0
6	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған	1	0	0	0
7	Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді	1	0	0	0
8	Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді	1	0	0	0
9	Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде	1	0	0	0
10	Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді	1	0	0	0
11	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	1	0	0	0
12	Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	1	0	0	0
13	Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын	1	0	0	0
14	Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды	1	0	0	0
15	Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған	1	0	0	0
16	Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады	1	0	0	0
17	Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады.	1	0	0	0
18	Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген тексерушілер үшін ақша жиналды	0	0	0	1
19	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым	0	0	1	0

	туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз				
0	Барлығы:	78,9%	10,5%	5,3%	5,3%

МАД педагогтерімен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	Қатысқан педагог саны	Толық келісемін	Келісемін/иә	Келіспеймін/жоқ	Толық келіспеймін
1	1	78,9%	10,5%	5,2%	5,2%
		89,4%-5			

9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

1. Мектепалды даярлық тобында педагог шеберлігін шыңдауды қажет етеді.
2. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын жетілдіру
3. Тәрбиеленушілердің шығармашылығын дамыту, зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатыстыруды арттыру
4. Мектепалды даярлық сыныбында тәрбиелік іс-шаралардың мазмұнын жетілдіру.

10. Қорытынды мен ұсыныстар

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес.

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:



(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

(қолы)

Қуандықов Жасұлан Айтуғанұлы

(толық аты-жөні)

Қанатбаева Саманта Жаназарқызы

(толық аты-жөні)

Елеусіз Ақбота Елеусізқызы

(толық аты-жөні)

Асылбек Ақылбек Асылбекұлы

(толық аты-жөні)

Серікбаева Жангүл Бекболатқызы

(толық аты-жөні)

Жолмұратова Жайдарман Қуандыққызы

(толық аты-жөні)

Қожабекова Зейнегүл Сейтқазықызы

(толық аты-жөні)

Зиядин Ерлан Қалабайұлы

(толық аты-жөні)

Мимыкова Гүлім Нұрғалиқызы

(толық аты-жөні)

Қаракесекөв Ырғызбай Жаңабайұлы

(толық аты-жөні)

Әбдіраева Гүлден Жалғасбайқызы

(толық аты-жөні)